

**"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№ 31 ХАТТАМАСЫ**

17 қазан 2025 жыл

Алматы қ.

Өткізу форматы: аралас.

офлайн - "БЖЗҚ" АҚ ОА /онлайн - Cisco Webex Meetings

ҚАТЫСТЫ

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес мүшелері (бұдан әрі - Кеңес, ҚК)

- 1) Евгений Сейпульник, ҚК төрағасы;
- 2) Татьяна Батищева, ҚК төрағасының орынбасары
- 3) Александра Алехова;
- 4) Гүлсара Алтынбекова;
- 5) Елена Бахмутова;
- 6) Арман Джакуб;
- 7) Дана Джарлыгапова;
- 8) Азамат Джолдасбеков;
- 9) Алевтина Донских;
- 10) Айдархан Құсайынов;
- 11) Жомарт Нұрабаев;
- 12) Жұмагүл Тәжібекова.

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Ж.Б. Құрманов, "БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасы;
- 2) С.А. Егеубаева, "БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Н. А. Бақтыбаев, «БЖЗҚ» АҚ Заң департаментінің (ЗД) директоры;
- 4) Г.К. Ағайдарова, «БЖЗҚ» АҚ Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті Төлемдер әдістемесі басқармасының бастығы
- 5) М.А. Акмаева, "БЖЗҚ" АҚ Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры, ҚК хатшысы.

Шақырылыған қатысушылар:

- 1) Н. Нұрғазин, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Монетарлық операциялар департаменті (ҚР МОД) директорының орынбасары.

Отырысқа кеңестің 12 мүшесі қатысты. Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1) 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындылары бойынша инвестициялық басқару нәтижелері туралы, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялау тиімділігін одан әрі арттыру жөніндегі жоспарлар туралы ҚРҰБ ақпараты.
- 2) проблемалы эмитенттердің активтерімен жұмыс туралы БЖЗҚ ақпараты.
- 3) БЖЗҚ-ның біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) бойынша ақпараты: статистика, алу тәртібі мен шарттары, нысаналы пайдалануды бақылау, Тараптардың өкілеттіктері.
- 4) әр түрлі.

ҚАРАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша ҚРҰБ МОД директорының орынбасары Нұржан Нұрғазин сөз сөйледі. Ол 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарушы ретінде ҚРҰБ инвестициялық басқаруының нәтижелері туралы, сондай-ақ инвестициялық басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру жөніндегі жоспарлар туралы айтты. ҚРҰБ өкілінің айтуынша, активтерді инвестициялау активтер сыныптары бойынша мақсатты стратегиялық бөлуге сәйкес жүзеге асырылады және шетелдік басқарушы компанияларды тартуды көздейді. Атап айтқанда, БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері 2025 жылдың 1 қазанына 25,0 трлн теңгені құрап, 2025 жылдың басынан бастап 2,6 трлн теңгеге немесе 11,7% ұлғайғаны атап өтілді. БЖЗҚ активтерінің валюталық үлесі кезең-кезеңімен ұлғайтылып, 40% деңгейінде ұсталады. 2025 жылдың басынан бері зейнетақы активтерінің кірістілігі 7,7% құрады. Спикер ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында инвестициялық кірістің төмендеуі байқалғанын, бірақ сәуір айынан бастап жағдай өзгергенін және 9 айдың қорытындысы бойынша 1,8 трлн теңгені құрайтын оң инвестициялық кіріс қайта басталғанын атап өтті. 2024 жылғы қазаннан 2025 жылғы қыркүйекке дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 3,1 трлн теңгеге жетті, инфляция - 12,90%, кірістілік - 14,11%.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі ҚРҰБ қызметі туралы толық таныстырылым enpf.kz сайтындағы "Қоғамдық кеңес – Хаттамалар мен таныстырылымдар"-31 отырыс бөлімінде орналастырылған.

ҚРҰБ есебін талқылай отырып, Кеңес мүшелері портфельдегі мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі, олардың инвестициялық табыстылыққа әсері, индексті басқару және баламалы құралдар, зейнетақы активтерін жеке басқаруға беру туралы сұрақтар қойды.

Қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, ҚРҰБ өкілі портфель валюталар бойынша да, құралдар кластары бойынша да жақсы теңдестірілген екенін атап өтті. МБҚ үлесі шамамен 42 % құрайды. Бұл ретте бұрын сатып алынған бағалы қағаздарды қайта бағалау табыстылыққа елеусіз әсер етеді. Жаңа МБҚ портфельге жоғары кірістілік ставкалары бойынша сатып алынады. Алайда, сенімгерлік басқарушы бұрын сатып алынған МБҚ-ны белсенді түрде сатуға және жаңа МБҚ сатып алу бойынша белсенділікті арттыруға ниетті емес. Басқарудың тиімділігін арттыру үшін ұзақ мерзімді кезеңде валюталық портфельдің қолданыстағы стратегиялық аллокациясын акциялар мен баламалы құралдарды қоса алғанда, активтердің неғұрлым табысты сыныптарын 40%-ға дейін ұлғайту жолымен қайта қарау жоспарлануда. Инвестициялық портфельге балама инвестицияларды енгізу әлеуетті кірісті арттырып қана қоймай, сонымен қатар оның тепе-теңдігін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді, бұл қоғамдық нарықтардың циклдік және құбылмалылығына тәуелділікті азайтады. Баламалы құралдарды әлемдегі зейнетақы және егеменді қорлар кеңінен қолданады, сондай-ақ 2015 жылдан бастап ҚРҰБ АВА және 2023 жылдан бастап Ұлттық қордың активтерін басқаруда табысты қолданылады.

Сондай-ақ, ҚРҰБ-тың ұзақ мерзімді перспективада инфляцияны жабатын жинақтар мен кірістіліктің сақталуын қамтамасыз ету міндетін орындайтыны атап өтілді. Сонымен қатар, ҚРҰБ зейнетақы жинақтарын жеке басқаруға беруді белсене қолдайды, бұл салымшылар үшін қызықты және жалпы инвестициялық нарықты дамыту үшін оңтайлы сәт деп санайды.

Ұсыныстар түсті:

- ҚРҰБ МОД директорының орынбасары жасаған баяндама назарға алынсын.
- Салымшылар мен алушыларды одан әрі хабардар ету үшін ҚРҰБ Қоғамдық кеңеске де, сондай-ақ БЖЗҚ-ға ай сайын ұсынатын кірістілік динамикасын салыстырмалы талдауда валюталық және теңгелік портфельдер бойынша, сондай-ақ индекстік басқару бойынша кірістілік көрсеткіштерін көрсету ұсынылсын.

Дауыс берді:

"қолдаймын" – 12

"қарсымын" – 0

"қалыс қалдым" – 0

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша 3Д директоры Назым Бақтыбаев сөз сөйледі. Спикердің айтуынша, биыл БЖЗҚ бұрынғы жеке зейнетақы қорлары зейнетақы активтерін қаржы құралдарына инвестициялаған 17 эмитенттің берешегін қайтару жұмысын жүргізді. Берешекті қайтару бойынша қабылданатын шараларға байланысты проблемалы эмитенттер мынадай топтарға бөлінді: № 1 – оларға қатысты атқарушылық іс жүріп жатыр (берешек – 40,52 млрд теңге), № 2 – банкроттық/ тарату рәсімі жүргізілуде (берешек – 20,97 млрд теңге). Сондай-ақ, 01.10.2025ж. жағдай бойынша қаржы құралдары БЖЗҚ-ның өз портфелінде тұрған 3 эмитент бойынша берешекті қайтару жұмыстары жүргізіліп жатқаны атап өтілді ("Қазинвестбанк" АҚ, "Delta bank" АҚ, "Бузгул Аурум" ЖШС). БЖЗҚ өкілі 30.09.2025ж. жағдай бойынша БЖЗҚ-ға зейнетақы активтері шоғырландырылған кезден бастап проблемалы эмитенттер бойынша өтелген берешектің жалпы сомасы шамамен **38,6 млрд теңгені** құрағанын атап өтті. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде 2025 жылдың өзінде ғана БЖЗҚ-ға бұрын жеке зейнетақы қорларынан берілген 3 эмитенттен зейнетақы активтері бойынша берешек толық көлемде қайтарылды: "Имсталькон" АҚ (2,8 млрд теңге), "Құрылыс материалдары мен конструкциялар комбинаты-2" ЖШС (7,8 млн теңге) және "Атамекен-Агро" АҚ (1,025 млрд теңге).

Баяндама барысында спикер Қоғамдық кеңес мүшелерінің кейбір проблемалы эмитенттерге қатысты сұрақтарына жауап берді.

Ұсыныс түсті:

- "БЖЗҚ" АҚ Заң департаменті директорының баяндамасы назарға алынсын.
- Проблемалы эмитенттердің берешегін қайтару бойынша БЖЗҚ жұмысына жәрдемдесу.
- Баяндаманы дайындау кезінде жеке ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға беру кезеңінен бастап проблемалы эмитенттердің берешектерін өндіріп алу жөніндегі жұмыстың салыстырмалы динамикасын жасау ұсынылсын.

Дауыс берді:

"қолдаймын" - 12

"қарсымын" - 0

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша "БЖЗҚ" АҚ Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті Төлемдер әдістемесі басқармасының бастығы Гүлнұр Ағайдарова сөз сөйледі. Қор өкілі өз баяндамасында отырысқа қатысушыларды біржолғы зейнетақы төлемдерін алу тәртібімен және шарттарымен, 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша статистикамен, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын нысаналы пайдалану процесінде жұмылдырылған ұйымдардың жауапкершілігі бөлінісімен таныстырды. Атап айтқанда, спикер статистика келтірді, оған сәйкес 01.10.2025ж. салымшылардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін жалпы сомасы 4 177 673 млн теңгеге 2 589 888 өтініші және емделуге ақы төлеу үшін жалпы сомасы 947 394 млн теңгеге 1 045 515 өтініші орындалды. Бұл деректердің барлығы аймақтар мен жыныс ерекшелігі бойынша да ұсынылды. Сондай-ақ, қатысушылар 01.01.2026ж. бастап күшіне енетін ҚР Салық кодексіне енгізілген өзгерістермен танысты. Қоғамдық кеңес мүшесінің басқа өңірлермен салыстырғанда Атырау облысында БЗТ қолдану санының өсуі күмән тудырмай ма деген сұрағына БЖЗҚ өкілі зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге және емделуге пайдалану жұмыстары "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастырылғанын түсіндірді: Қор уәкілетті операторлардан келіп түскен өтініштерді қабылдап, орындайды. Салымшылардың жинақтарын уәкілетті оператор-банктерде ашылған олардың арнайы шоттарына аударады. Ал уәкілетті оператор

барлық ұсынылған құжаттарды тексеруді және салымшылардың ақшаларын нысаналы мақсатқа пайдалануы үшін арнайы шоттардан жіберуді қоса алғандағы өз функцияларын іске асырады.

Ұсыныс түсті:

- "БЖЗҚ" АҚ Төлемдер әдістемесі басқармасы бастығының баяндамасы назарға алынсын.

Дауыс берді:

"қолдаймын" - 12

"қарсымын" - 0

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 4 мәселе бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері ҚК құрамын кеңейту және жаңа білікті мүшелерді тарту бойынша қосымша жұмыс жүргізуді ұсынды.

ШЕШТІ:

Отырыстың күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша:

- ҚРҰБ МОД директорының орынбасары жасаған баяндама назарға алынсын.
- Салымшылар мен алушыларды одан әрі хабардар ету үшін ҚРҰБ Қоғамдық кеңеске де, сондай-ақ БЖЗҚ-ға ай сайын ұсынатын кірістілік динамикасын салыстырмалы талдауда валюталық және теңгелік портфельдер бойынша, сондай-ақ индекстік басқару бойынша кірістілік көрсеткіштерін көрсету ұсынылсын.

Отырыстың күн тәртібінің 2 мәселесі бойынша:

- "БЖЗҚ" АҚ Заң департаменті директорының баяндамасы назарға алынсын.
- Проблемалы эмитенттердің берешегін қайтару бойынша БЖЗҚ жұмысына жәрдемдесу.
- Баяндаманы дайындау кезінде жеке ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға беру кезеңінен бастап проблемалы эмитенттердің берешектерін өндіріп алу жөніндегі жұмыстың салыстырмалы динамикасын жасау ұсынылсын.

Отырыстың күн тәртібінің 3 мәселесі бойынша:

- "БЖЗҚ" АҚ Төлемдер әдістемесі басқармасы бастығының баяндамасы назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібінің 4 мәселесі бойынша:

- Кеңес құрамына жаңа, білікті мүшелерді тарту жұмысы белсендірілсін.

Кеңес төрағасы

Е. Сейпульник

Кеңес хатшысы

М. Акмаева